

ISSN 2616-9320

CENTRAL ASIAN JOURNAL OF TRANSLATION STUDIES

№ 3(2) 2019



KAZAKH ABLAIKHAN UNIVERSITY OF
INTERNATIONAL RELATIONS AND WORLD
LANGUAGES



PUBLIC FUND
"TRANSLATORS OF KAZAKHSTAN"

THE JOURNAL IS REGISTERED WITH THE MINISTRY OF INFORMATION AND COMMUNICATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

CERTIFICATE № 16822-Ж ASTANA, 2017

EDITORIAL TEAM



www.arabasko.ru

Chief Editor:

S. S. Kunanbayeva - Professor, Academician of the Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan
Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages



Responsible editors:

A.T. Chaklikova, Professor, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages
B. Mizamkhan, Ass. Prof., Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages
N.A. Aubakir, MA, PhD candidate in Translation studies, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages



Editor's assistants:

G.S. Assanova PhD, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages
K.M. Zhampeyis C.Phil.Sc., Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages
A.B. Baidullayeva PhD, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages
Sh. O. Saimkulova MA, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages



Technical editor and design:

R.A. Musataev MA, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages
N.A. Aubakir MA, PhD candidate in Translation studies, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages



Consultants:

Anna Oldfield, University of South Carolina, USA
Christopher Baker, American University of Central Asia, Kyrgyzstan
Uldanay Bakhtikereeva, PhD, prof., PFUR, Russia
Kim Chang Ho - PhD, professor, Pusan University of Foreign Languages, South Korea
Shabdiz Orang - PhD, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages
V.I. Karasik, D.Ph.S., Professor, Volgograd Technical University, Russia

**АУДАРМАТАНУДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ҚАЛЫПТАСУЫ (ПОСТКЕҢЕСТІК
КЕЗЕҢГЕ ШОЛУ)**

Сұраншы Ж.,¹

¹магистр оқытушылары,
Аударма ісі мамандығының
Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ
Almaty, Kazakhstan
E-mail: juju-kz95@mail.ru

Әділ С.,²

²магистр оқытушылары,
Аударма ісі мамандығының
Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ
Almaty, Kazakhstan
E-mail: juju-kz95@mail.ru

Жусупова Р.,³

³Ф.ғ.к., Аударма және мәдениетаралық коммуникация бөлімі
Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ
Almaty, Kazakhstan
E-mail: juju-kz95@mail.ru

Андатпа: Қазіргі таңда аударма саласында аударматанудың қалыптасуы кеңінен зерттелгенімен, дәл аударматанудың Қазақстанда қалыптасуы бұл күнге дейін түбегейлі зерттеліп, өзінің тиянақты шешімін тапқан жоқ. Қазақстан жерінде аударма ісі жыл санап өсіп келе жатқандықтан, аудармашыларға немесе болашақ аудармашыларға, аударматанудың Қазақстанда қандай кезеңдерден өтіп, қалай қалыптасқанын білу қажеттілі туындап отыр. Мысалға аударма ісінің революциондық кезеңі Қазақстанда осы Қазақстан мен Ресейдің қосылу кезеңінде қалыптасты. Посткеңестік кезеңде аударматану ғылымына арналған белгілі кітаптар мен оқу құралдарында Орталық және Орта Азияда, яғни Қазақстанда, аударма ісінің тарихы мен дамуы туралы мәселе аз зерттелген болып отыр. Посткеңестік жүйе шегінде жаңа тәуелсіз елдердің құрылуы аударма қызметін ұғынуда және сипаттауда қажеттілік тудырып отыр: оның тарихы, қазіргі заманғы жағдайы және жаңа қоғамдарда одан әрі дамуы.

Кілт сөздер: «тарихи колоритті», «барабар», «конкретизация», «адекватты аударма», «аудармашы интенциясы», «герменевтика», «аударматану».

Қазақстанда аударма ісінің теориялық және тәжірибелік құрамдас бөліктері туралы айтқан кезде, біз соңғы екі ғасырда жаңадан туындап жатқан түркітану (атап айтқанда – қазақ тілін тану) мәселелеріне тап боламыз. Барлық тіл деңгейлерінде түркітанудың

көптеген аспектілері қайта қаралып, сипатталуда. Аударма ісінің Қазақстанда қалыптасу тарихы, Қазақстанның Ресейге қосылған кезінен бері, олардың өзара байланысы мен қарым-қатынастары аясында тәржімашылық қызмет ретінде қалыптасып келді.

Аудармаға қатысы бар орыс шенеуніктерінің миссионерлік қызметі қазақ көркем әдебиеті туындаларының орыс тілінде шығарылуына алып келеді. Өзара қарым-қатынас артқан сайын ақпаратты мазмұндау, іскерлік хат-хабар алмасу, әртүрлі жанрдағы мәтіндерді, соның ішінде көркем, сабағаттық-оқыту жұмыстарын жүзеге асыру қажеттілігі де артты.

Қазақ аударма ісінің эволюциялық дамуы ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басын құрайды. Осы уақыт ішінде аударма мектебінің құрылуы бірнеше кезеңдерден өтті. Ол кезеңдердің әрқайсысы кез келген бір тілдің не болмаса ілеспелі оқиғалардың басым болуымен сипатталады. Бірінші кезеңде ана тілі басым болды, сондықтан шығармалардың көбі орыс тілінен қазақ тіліне аударылды. Осындай көркем әдеби шығармаларды аудару тарихы тіпті ХІХ ғасырдың өзінде – Абай, Шәкәрім (1858-1931) туындыларын аударудан басталады.

М.О.Әуезов: «Евгений Онегиннің аудармасы Абай және оның оқырмандары үшін ерекше мәнге ие. Ол қазақ ауыз және жазба әдебиетінде үлкен бір алға басу болды», - деп жазады.

Пушкиннің «Дубровский» туындысы Қ. Шәкәрімнің аудармасында ақындар бірнеше сағат бойы домбырамен өлеңдетіп орындайтын хикаяттың өлеңмен жазылған мазмұны ретінде берілген. Бұл хикаят орыс тілінде екі бөлімнен тұрады (екіншісі – аяқталмаған), Шәкәрімнің аудармасында 403 шумақтан тұрады, оның 31 шумағы –

шығарманың тарихи-философиялық кіріспесі болып табылады. Мұндай туынды алғашқы аудармашылар үшін қиыннан қиыстырар жұмыс болды: екі тілдің сан алуан құрылымын жеткізу – аудару оңайға соқпады.

Мамандардың пікірінше, аудармашы қабылдаған әдіске қарамастан, шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымы толықтай сақталған. Ал, әдебиеттанушы, Қазақстанның Ғылым академиясының академигі (1975 ж.), Қазақстанның халық жазушысы (1987 ж.) М.Қартаев *аудармашының шығарманы түрлендіруі қазақ халқының өмір сүру жағдайларына, олардың поэзиялық ойлау ерекшелігіне байланысты болды* деп пайымдайды. ХІХ ғ. 80-ші жылдарында В.В. Радлов қазақ халқының айрықша сөйлеу мәнерін ерекшелеп өтті: «Қара-қырғыздар және қазақ-қырғыздар тоқтамай, және шатасып қалмай, еркін де жақсы сөйлеу мәнерімен тіпті өздерінің түркі тілдес замандастарынан да озып түсті. Өз ойын анық және дәл жеткізе отырып, тілдің бар байлығын орынды пайдалана отырып, тіпті қарапайым әңгімеде сөздерін ерекше нақышқа келтіреді, сөйлемдер өлең шумақтары ұқсап құралады». Қазақ халқының поэзиясы – үлкен өнер».

«Евгений Онегин» шығармасын қазақ тіліне ақын-жазушы, әнші, композитор, жан-жақты дамыған тұлға Әсет Найманбайұлы (1867-1922 жж.), Ілияс Жансүгіров (1894-1938 жж.), кейіннен Қуандық Шаңғытбаев (1925-2001 жж.) аударған.

Илияс Жансүгіров тек «Евгений Онегин» шығармасын аударып қана қоймады, ол сонымен қатар, орыс және шетел жазушыларының сан алуан туындыларын қазақ тіліне аударған. Ана тіліне аударылған 100 аса шығармалары мәлім (Демьян Беднийдің, Уткиннің, Голоднийдің өлеңдері, Пушкиннің екі поэмасы және 30 өлеңі, сондай-ақ, Лермонтовтың, Некрасовтың, Маяковскийдің, Горькийдің, Беднийдің және Вс.Рожденственскийдің, түрік жазушысы Назим Хикметтің, Гейненің және Гюгоның және т.б. шығармалары).

Шаңғытбаев Қуандық Төлегенұлының аудармаларында Батыс пен Шығыстың ұлы ақындары – О.Хаям, Р.Хафиз, Р.Бернс, Г.Гейненің туындылары басылып шығарылды. Пәкістандық ақын Файз Азмад Файыздың, вьетнам халқының ақыны және билеушісі Хо Ши Миннің, ирандық ақын Надир Надирпурдың, үнділік жазушы Али Сардар Джафаридің, татар халқының ақыны Муса Джалилдің, өзбектің танымал жазушысы Миртемирдің, армяндардың ақыны Н.Кучактың, ұйғыр халқының ақыны Хизмет Абдуллиннің және сенегалдық жазушы Садар Сенгордың «Чака» дастаны аударылған болатын. Оның аудармаларында Ю.М.Лермонтовтың өлеңдері ерекше орынға ие. Шаңғытбаевтың үздік аудармалары 1980 жылы «Жыр жаһаны» деген атпен «Жазушы» баспасында жеке кітап болып шығарылды. Аудармашылық шығармашылығы үшін А.С.Пушкиннің атындағы

халықаралық атақ лауреатына ие болды. Сонымен қатар, Н.Г.Чернышевскийдің «Что делать?» атты романын және М.Горькийдің «Девушка и смерть» поэмасын аударған болатын.

К.Т.Шаңғытбаев өз туған елінде өнерлі журналист, драматург және ақын-жазушы ретінде кең танымал.

Қазан революциясынан кейін орыс тілімен белсенді қарым-қатынас басталады. «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының гаети», «Қазақ» газеттері, «Айқап» журналы және т.б. басып шығарылады (олардағы барлық материалдар қазақ тілінде де, орыс тілінде де басып шығарылады). Кейіннен қазақ жазушысы Спандияр Көбеевтің (1878-1956 жж.) «Үлгілі тәржіма» (1940 ж., Казань) алғашқы жинақтары пайда бола бастайды. С.Көбеевтің басылып шығарылған жинағына ілесе балаларға арналған оқу құралы ретінде «Балаларға жеміс» атты Т.Жомартбаевтың кітабы басып шығарылады. Бұл кітапта XIX ғасырдың орыс классиктерінің де шығармалары қамтылған.

Осы кезеңде орыс тіліне жүзеге асырылған аудармалар көп емес болып табылады (Асан-қайғыны, Шалкиіздің, Марабайдың, Майлықожаның, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, М.Жұмабаевтың, М.Дулатовтың, Г.қарашевтің, А.Байтұрсыновтың, Ж.Аймауытовтың және т.б. шығармаларының аудармалары). Аудармаларда әндердің және бірнеше эпикалық поэмалардың прозамен жазылған біршама нұсқалары да кездеседі. Олар XIX

ғасырдың ортасы мен соңында «Отандық хат-жазбаларда» («Отечественные записки») жарияланып отырған.

Барлық білім беретін мекемелерге арналған оқулықтар мен оқу құралдарының аудармалары жарық көрді. Көркем әдеби және оқу материалдарымен қатар, саяси, ғылыми-техникалық және ауылшаруашылық әдебиеті де аударыла бастайды. Революциядан кейін кеңес одағы кезінде марксизм-ленинизм классиктері және орыс классикалық әдебиеті аударыла бастайды.

Аударма материалының соншалықты кең ауқымда орын ала бастауы Қазақстанда аударма ісінің дамуына алып келеді. Қазақ аудармашыларының біліктілігі мен өнері арқасында аса жоғары сапада орындалған аударма әдебиетімен танысу мүмкіндігі туады: өзге халықтардың әдебиеті орыс тілі арқылы аударылады.

Көркем аударма теориясы және тәжірибесі үшін А.Алимовтың ғылыми зерттеулері аса маңызды рөл атқарды. А. Алимов 1920-1930 жж. Қазақстандағы аударма ойының даму мәселелерін қарастырған.

М.Горькийдің І Бүкілкеңестік съезде кеңес жазушыларын (1934 ж.) бір-біріне бауырлас республикалардың мәдениетімен тығыз қарым-қатынас орнатуға шақырғаннан кейін, ақындар, жазушылар және аудармашылар алдына жаңа жолдарды іздеу сияқты күрделі бір міндеттер қойылды, әдебиеттанушылар болса съездің алдыға қойған міндетін орындауға мәжбүр болды. Аударма ісі кең түрде

дами бастайды, қазақ әдебиетінің шығармалары да, КСРО өзге халықтары әдебиетінің шығармалары да орыс тіліне аударыла бастайды.

Осы кезде аудармашылар Қазақстанның әдеби шығармалары үлгілерін жеткізудің күрделі мәселесіне тап болады, өлең ұйқастырудың әртүрлі жүйелерін ескеру, оқырмандық қабылдау ерекшелігіне көңіл аудару, тілді зерттеу және меңгеру, әдебиетті, дәстүр мен тұрмыс-салтты, этникалық және тарихи-мәдени дәстүрлерді білу, ұлттық-тарихи әртүрлілікті және түпнұсқа стилінің ерекшелігін сақтай білу қажеттілігі туындайды.

Қазақстандық баспалар көркем әдебиет туындылардың аудармаларына ерекше көңіл бөледі. («Жаңа әдебиет», «Әдебиет майданы», «Әдебиет және искусство» және т.б.). Орыс және әлем классикасының қазақ тіліне аудармаларын Казань, Мәскеу, Ташкент баспалары қамтамасыз етті.

Осы кезеңде орыс және әлем әдебиеті классиктерінің туындылары аударылады. Мысалы, Н.В.Гогольдің «Женитьба» - «Үйлену» (1928) және В.Шекспирдің «Гамлет» (1931) шығармаларын М.Даулетбаев аударды, Л.Н.Толстойдың балалардың оқуына арналған «Филиппок» (1931) туындысын А.Шақышов аударған. Н.В.Гогольдың «Мертвые души - «Өлі жандар» (1932) К.Тайшиков, «Ревизор» (1934) шығармасын М.Әуезов аударған. М.Горькийдің «Мои университеты – «Менің университетім» (1935) М.Қаратаев

аударған болатын. А.С. Пушкин шығармаларының үш томы қазақ тілінде жарық көрді.

1950-ші жылдардан бастап, аударма сапасына деген қызығушылық пен талаптар арта бастайды. Аударма ісінде М.Әуезов тиімді даму бағытын жүзеге асырады. Оның аудармашылық қызметі қазақ әдебиетінде және өнерінде бүтін бір дәуірді құрайды. Орыс классиктері мен әлем әдебиетінің шығармаларын қазақ тіліне аударуды таңдай отырып, М.Әуезов дәлме-дәл көркем әдеби аудармасына қарай ұмтылады. Тіл мәселелерін, стиль ерекшелігі, аударма мазмұнының түпнұсқаға сәйкес келуін қамтитын М.Әуезовтың мақалалары баспада жариялана бастайды. Қазақ әдебиетін орыс тіліне аудару дәстүрі, іс жүзінде, Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясын аударудан басталатынын нық сеніммен айтуға болады. Автор өзінің аудармашыларымен қатар жұмыс істеді. Қазақстанда аударма ісінің тарихында автор мақұлдаған аударманың ең бірінші ұмтылысы осы болды.

М.Қаратаев өз жұмыстарын аударма теориясы мәселелеріне арнаған. Ол А.С.Пушкиннің шығармаларының Абай поэзиясының дамуына, бүкіл қазақ және әлем әдебиетінің дамуына әсер етуін қарастырады, шығармаларды орыс тілінен қазақ тіліне аударудың негізгі ұғымдарын және теориялық қағидаларын құрады.

Ұлы Отан соғысы жылдары аудармашылық баспа қызметінде айтарлық құлдырау көрінеді. Себебі,

көбінесе, әскери-патриоттық тақырыптарға арналған шығармалар аударылады. Солардың ішінде, М.Тарловский аударған қазақ ақыны Ж.Жабаевтың «Ленинградтық өреңім» (Ленинградцы, дети мои.) өлеңін айта кетуге болады.

1947 жылы М.Ритман-Фетисовтың мақаласы Б.Кенжебаевпен бірге автор болып, «Кеңестік Қазақстандағы аударма қызметі» мақаласы жазылады. Бұл мақалада аударма тарихы, мән-мазмұны қарастырылған, орыс тілінен қазақ тіліне аудармалар талданған. Соғыстан кейінгі жылдары көркем аударма өзге халықтардың әдебиетіне жол аша отырып, кең ауқымда дами түсті. В.Державин, С.Липкин, С.Маршак, П.Кузнецов, С.Ботвинников, Е.Евтушенко, Н.Сидоренко, В.Соколов, В.Савельев, О.Дмитриев, Л.Щеглов және т.б. қазақ тілінен аудармалары аса жемісті болып саналады. 50-ші жылдары «Алпамыс», «Кобланды», «Қозы-Көрпеш – Баян-сұлу» және т.б. қазақ эпостары орыс тіліне аударыла бастады. Осы кезеңде республикада өзінің ұлттық кадрлары болмады: орыс аудармашылары қазақ шығармаларын жолма-жол, сөзбе-сөз аударды.

XX ғасырдың 50-60 жылдары поэзиялық шығармаларды қазақ тілінен орыс тіліне аудару аса тыңғылықты зерттелмеді, сондықтан да осы кезеңде берілген тақырып бойынша түпкілікті жұмыстар жоқтың қасы.

М.Әуезов және М.Қаратаев қалыптастырған қазақ аударматуының негізгі қағидаларын

С.Талжанов, А.Сатыбалдиев,
К.Нурмуханов, Т.Абрахманов,
З.Тұрарбеков, У.Айтбаев,
С.Құспанов және т.б. теориялық
тұрғыдан зерттеушілер
жалғастырды.

С.Талжанов көркем аударма мәселелері туралы жұмыстарды, шығармаларды орыс тілінен қазақ тіліне аударуды талдай отырып, аударма түрлерін келесідей жіктеуді ұсынды: *еркін, сөзбе-сөз, барабар немесе шынайы*.

А.Сатыбалдиевтің монографиялық зерттеулерінде шынайы аударманың анықтамасын көруге болады. Ғалым аудармашылар үшін ең маңызды үш шартты алға қоя отырып, көркем аударма теориясын жалпы аударма теориясы тізбегі бойынша – лингвистикалық тұрғыдан қарастырады. Бұл Қазақстанда 1960 жылдары бүкіл аударма түрлерін зерттеу аясында лингвистикалық ғылымның бір тармағы туындаған растайды.

Қазақстандық ғалымдардың еңбектері теориялық та, тәжірибелік те сипатқа ие. Аударма қызметіне тікелей қатыса отырып, өз тәжірибесінен көркем аударма туралы теориялық қорытындылар және түйіндер жасай отырып, олар қазақстандық аударма ісін дамытатын жазушылар-аудармашылардың бірінші ұрпағын құрайды.

1970-ші жылдары жарық көрген белгілі жұмыстардың бірі, А.Сатыбалдиевтің «Рухани қазына» монографиясы болып саналады (1965).

Аударма теориясының одан ары дамуын А.Сатыбалдиев, С.Талжанов, М.Балақаев ғалымдардың әсерімен тағы бірқатар ғылыми зерттеулердің пайда болуы растайды.

С.Құспанов «Абай поэзиясының орыс тіліне аудармалары» жұмысында (автореф. дис.... филол.ғыл.канд. Алма-Ата, 1966) Абай шығармаларының орыс тіліне аудармаларын талдайды, оның поэзиясының аударма нұсқаларына сыни баға береді, аударма тілінің толыққанды болу мәселелерін қарастырады.

XX ғасырдың 70-ші жылдарында Қазақстанда жалпы аударма теориясы көптеген зерттеушілердің, ғалым-әдебиеттанушылардың, лингвисттердің, сыншылардың және аудармашылардың назарына іліне бастады.

С.Талжановтың «Қазақ әдебиетінің тарихи даму кезеңдері және осы процесте аударманың рөлі» (автореф.дис. ... филол.ғыл.канд. Алма-Ата, 1972) атты докторлық диссертациясы; У.Айтбаевтың А.М.Горькийдің шығармаларының аудармаларында фразеологизмдерді қазақ тіліне беру тәсілдері» (автореф.дис. ... филол.ғыл.канд. Алма-Ата, 1971) атты; М.Құрмановтың «Неміс поэзиясын қазақ тіліне аударудың кейбір мәселелері» (Гете, Шиллер және Гейнениң шығармалары аудармаларының материалында) (автореф.дис. ... филол.ғыл.канд. Алма-Ата, 1972) атты кандидаттық диссертациялары пайда болды.

Осы кезде көркем аударма теориясы мен тәжірибесінің

көкейкесті мәселелерін қамтитын, қазақ аударматануының ғылым ретінде дамуына әсер ететін монографиялық зерттеулер және оқу құралдары жарық көре бастады. Осындай туындылардың қатарына Р.Хайруллиннің «Аударма сипаты» (Алматы, 1976); У.Айтбаевтың «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» (Алматы, 1975); С.Талжанлвтың «Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері» (Алматы, 1975); З.Тұрарбековтың «Әдебиеттер достығының дәнекері» (Алматы, 1977) жұмыстарын; М.Қаратаевтың «Түпнұсқаға қол жеткізу – аударманың жемісті болу шарты» (Простор, 77 № 8); К.Қамбаровтың «Түпнұсқа және аударма», Журналистика, 1974, 4 шығ.; Х.Садықовтың «Аудармадағы метафора туралы» (Простор, 1973, №9); С.Сеитовтың «қазақ поэзиясы және оны орыс тіліне көркем аудару мәселелері» (Кіт.: Қазақ әдебиетінің ұлтаралық байланыстары, - Алма-Ата, 1970) мақалаларын; М.Құрмановтың «Достық делдалы» (Алматы, 1979) кітабын жатқызуға болады.

М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясының орыс тіліне аудармасы сапалы аударма болып саналды (2007 жылға дейін). Бірінші томды Т.Нұртазин, Л.Соболев (1 б.), А.Никольский және Л.Соболев (2б.) аударған. Ал, екінші томды Л.Соболев (1б.), Н.Анов және З.Кедрин аударған (2б.) болатын. Автордың өзі аударма жұмыстарына тікелей қатысуы орыс тілі және басқа тілдерге аудармасына жетістік және танымалдылық алып келуіне себеп болды. Нәтижесінде, миллиондаған

таралыммен қырық тілге аударылып, басылып шығарылды.

М.О.Әуезовтың қолжазба куәліктерін, соның ішінде автордың өзі орындаған «Абай жолы» роман-эпопеясы бөлімдерінің жолма-жол, сөзбе-сөз аудармаларын оқи келе, ҚР ҰҒА академигі З.А.Ахметов: «М.О.Әуезовтың жолма-жол, сөзбе-сөз аудармасы түпнұсқаның, стильдік және тілдік өзіндік ерекшелігімен қызықты, себебі жазушы жолма-жолдың мақсатын ескере отырып, көркем аудармада сақталуы тиіс барлық мазмұнды нақтырақ беруге тырысты. Кейбір сөйлемдердің, қазақ тіліне тәні, алайда орыс мәтініне жат құрылымдық ерекшелігімен осымен түсіндіріледі», деп атап өтті. Ғалым, орыс тіліндегі аудармадағы мәтінді жолма-жол, сөзбе-сөз аудармамен салыстыра отырып, «М.Әуезов жолма-жол, сөзбе-сөз аудармада көптеген фразаларды сәтті түрде беріп, көркем әдеби мәтінде толықтай сақтап немесе азғантай ғана өзгерістер жасаған» деген қорытынды жасайды.

Мұндай аударма әдісі жоғары сапаға қол жеткізуді, түпнұсқаға барабар аударманы құруды қамтамасыз етеді.

КСРО болған кезде аударма ісінің күйін ұлттық республикаларда зерттейтін, орыс аудармашылардың бай тәжірибесіне негізделген көркем аударма мектебі дами бастаған. КСРО барлық өңірлеріндегі және шет елдегі танымал теорияшылдар мен тәжірибешіл тұлғалардың еңбектері «Мастерство перевода», «Тетради переводчика» басылымдарында жарияланды. «Дружба народов»

журналы мақалалар мен аудармаларды жиі шығарып тұрады, ал «Литературная газета» газеті көркем аударма теориясы мен тәжірибесі мәселелері бойынша мәжілістердің, талқылаулардың материалдарын қамтып отырады.

Көпұлттық кеңес әдебиеті көркейіп тұрған жылдары Қазақстанда көркем ұлттық әдебиеттің барлық шығармалары орыс тіліне аударылды. Олардың ішінде қазақ прозасы мен поэзиясын тиісті түрде көрсететін сапалы аудармалар көп кездеседі. Мұның бәрі орыс тілі аудармашыларының күрделі, шынайы, тыңғылықты қызметтерінің нәтижесі болып табылады. «Простор» журналының аясында ұйымдасқан Қазақстанда тұратын орыс тілі мамандары да аудармамен белсенді түрде айналысуда. Олардың қатарына В.Антонов, Н.Чернова, А.Соловьев, Л.Флоровская, В.Киктенко, Л.Шашкова және т.б. жатқызуға болады (60-шы жалдардан бастап 80-ші жылдардың соңы).

Аударма қызметінің екінші кезеңі. Бұл кезең, біріншіден, А.Нұрпеисовтың «Қан мен тер» романын орыс тіліне аударумен байланысты. Осы романды аударуға өз мамандары (Г.Белгер, кейін М.Симашко), және де Мәскеуден шақырылған мамандар да (Ю.Казаков) жұмылдырылған болатын.

Екіншіден, осы кезде Олжас Сулейменовтың феномені және орыс тілді қазақ әдебиеті қалыптаса бастайды. Қазақстанның аударма мектебіне өз үлестерін қосқан, орыс тілінен аударатын, орыс тілінде

жазатын бір топ қазақтар пайда бола бастады. Солардың ішінде, Қайрат Бақбергенев, Бахыт Қаирбеков, Орынбай Жанайдаров, Бахытжан Қанапьяновты атап өтуге болады.

70-80-ші жылдар баспасына қазақ авторларының орыс тіліндегі аудармалары туралы материалдар жарық көре бастайды. Олар аудару баспаларына қатысты жеке бақылауларды қамтиды және аударма теориясы үшін жеке ғылым ретінде зор мәнге ие болады. Келесі жұмыстарға аса көп қызығушылық танытылды: З.Ахметов «Қазақ поэзиясының тілі туралы» (Алма-Ата, 1970); А.Жовтис «Маршак қазақшадан аударды» (Простор, 1977 №8); С.Талжанов «Аудармалар және аудармашылар туралы: (Аударманың лексико-семантикалық мәселелері, Алматы, 1987), Ф.Х.Фаткуллин «Көркем аудармада түпнұсқаның ұлттық өзгешелігін көрсету қағидалары» (Филологиялық жинақ, X шығ. – Алматы, 1973), З.Қабдолов «Сөз өнері» (Алматы, 1982), С.Кирабаев «Жоғары міндет» (Алма-Ата, 1985), Т.Жұртбаев «Көркем аударма». Табыс пен талпыныс (Уақыт және қаламгер. 12-ші кітап. Алматы, 1986), «Жазушының біліктігі және әдебиеттердің өзара қатынасы» жинақтары (Алма-Ата, 1982), «Қазақстанда көркем аударма мәселелері» (Алма-Ата, 1989), Н.Сағындқова «Қазақ поэзиясы орыс аудармасында» (Алма-Ата, 1983), «Жұлдыз» журналының 12-ші нөмірінде басылып шығарылған Г.Жұртбаевтың мақаласы (1983), орыс тілді поэт және аудармашы Б.Қаирбековтың «Шығармашылық

ізденіс бағыттары» атты (08.07.1983 ж., «Огни Алатау» газеті), «Көркем аударма туралы» (12.05.1986) қазақ тілінен орыс тіліне мақаласы және т.б.

70-80-ші жылдары ақын Қайрат Бақбергеннов қазақ тілінен орыс тіліне аудару жұмыстарын белсенді түрде жүргізеді (Асан Қайғы, Доспамбет-жырау, Тәттіқара, Бұхар-жырау, Шалкиіз шығармаларының аудармалары, оның аудармаларында Т.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, А.Ахметов, Ю.Хэжкидің өлеңдері жарық көрген). Сонымен қатар, екі қазақ авторлары – Тынымбай Нұрмағамбетовпен және Оразбек Сарсенбаевпен нәтижелі түрде жұмыс істеп, Ерлан Сатыбалдиевтің прозасын аударумен айналысады. Республика ақындарының көбі өз алғысын білдіретін орыс аудармашылары қатарынан В.Савельевтің және Т.Кузовлевтің аударма қызметтерін ерекше бөліп – ші көрсетеді.

80-ші жылдардың соңында аударманы бағалауда тұжырымдылық бетбұрыс байқалады. Осылайша, 1978 жылы Горький атындағы Әдеби институтты бітіріп шыққан, орыс тілді ақын және аудармашы Б.Г.Қаирбеков: «Қазақстандық сын бізде қазақ әдебиетінің шығармаларын тыңғылықты аударумен айналысатын көп орыс жазушылары мен ақындары жұмыс істейтінін жиі атап өтеді», деп жазған. Орынды айтылған, алайда жергілікті авторлар жүзеге асырған поэзиялық аудармаға қаталырақ көзқарас таныту керек, сол кезде қазақ тілінен орыс тіліне іс жүзінде

жақсы аударатын аудармашылар көп кездеспейтіні анықталады. Ерекше жақсы аударатын аудармашылар қатарына Л.Кривошеков, В.Антонов, А.Жовтис, Р.Тамаринаны жатқызуға болады. Олардың аударма қызметі қазақ көркем сөзінің ерекшелігін, далалы көшпендінің философиялық дүниетанымын, қазақ ұлттық эпосын – заманауи қазақ поэзиясының өзінің ұлттық өзгешелігінің қайнар көзін терең түсініп, жеткізуімен айрықша болып келеді. Алайда, негізгі артықшылығы қазақ ақындарымен көптеген жылдар бойы араласу тәжірибесі, жергілікті табиғи әдеби бейімделу болып табылатын аталған аудармашылар да әлі де злочастный жолма-жол аударманы пайдалуна да. Ал, қазіргі уақытта барлық бұрынғы кеңестік республикаларда, «түпнұсқадан аударатын уақыт келгеніне» көңіл аударылады (1983).

Б.Қаирбеков өлеңдерді ғана емес, сондай-ақ, прозаны да аударумен айналысады. 1991 жылы ол аударған Шәкәрімнің «Түріктердің, қырғыздардың, қазақтардың және хан династиясының шежіресі» атты кітап жарық көрді. Этникалық, жалқы атаулардың, тарихи күндердің және хабарламалардың соншалықты көп болуы аудармада қиынға соқтырды. Оның орыс тіліне аудармасында Асан қайғының, Бұхар-жыраудың, Ақтамберді-жыраудың поэзия-жыраулары; Абайдың, Бүркітбайдың, Абдолла Жұмағалиевтің, Мұқағали Мақатаевтың шығармалары; Ғафу Қаирбековтың, Тұманбай Молдағалиевтің, Әбдікәрім Ахметовтың, Тұрсынхан Әбдрахмановтың, Есенғалаи

Раушановтың, Оразақын Асқаровтың және тағы басқаларының өлеңдері көрініс тапты.

КСРО Жазушылар одағына қарасты Жоғары әдеби курстарының бітірушісі (1981-1983 жж, әдебиеттанушы және аудармашы дипломы), ал қазіргі уақытта «Жібек Жолы» баспа үйінің бас директоры, ақын және аудармашы бахытжан Қанаянов поэзиялық аударма жанрында көп жылдан бері жұмыс істеп келеді. Әртүрлі жылдары ол Абайды, Жамбылдың, Кененнің, Шәкәрімнің, Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін, қазақ фольклорының атақты ескерткіші – «Қыз Жібек» шығармасын орыс тіліне, Назым Хикметті, Поль Валериді қазақ тіліне аударып келді.

Аударма қызметінің үшінші кезеңі 90-жылдардан басталады, яғни екі тілдің біріндегі шығарманың авторы бола отырып толыққанды екі тілде де жазатын немесе түпнұсқа тілден аударма алатын екітілді аудармашы-қазақтар іске кіріскен кезден. Осы кезеңде тәржімалап отырған ақынның шығармасын тек қана аударып қоймай, сонымен қатар оның мағынасын толық беру керек болды. Аударма-таныстыру басқа сапаға көше бастады: тұжырымдамалы аударма, аударма-түсіндіру. Аудармашы осы тәржіманың деңгейінде өзінің аудармасының шартын ешқашан ұмытпайды, сонымен қоса екі тілдің де менталдық шеберлігін ескере отырып, тұжырымдамалық нүктелерді («жиналу орындарын») сақтауға тырысады. Бұл бағыттың өкілі ретінде *Әуезхан Әбдіраманұлы Қодарды* атасақ болады. Ә.Қодар –

ақын, бірнеше кітаптардың авторы және ұлттық классикалық аудармашы. Ол өз кезегінде орыс тіліне ортағасырлық жыраулардың поэзиясын, Абай Құнанбаевтың, Мағжан Жұмабаевтың, Жұматай Жақыпбаевтың шығармаларын аударған. Қазақ тіліне Е.Замятиннің «Атилла» драммасын, М.Хайдеггердің, Ж.Делезаның, Х.Ортеги-и-Гассеттің философиялық еңбектерін және «Батыс философиясының атологиясындағы» басқа да шетелдік философтардың еңбектерін аударған (2002). Қазақ тіліндегі «Мәдениеттанымдық сөздіктің» авторларының бірі (2001). Әлемдік мәдениеттанымдық ойлардың екі томын қазақ тіліне аударып, осылайша «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасына айтарлықтай үлес қосты.

Қос тілді жетік меңгерген тұлғалардың қатарында Қайрат Жанабаев ойып орын алған. Қ.Жанабаев жасаған жырау поэзиясының аудармасы – бұл орыс тіліне аударудың жаңа деңгейі.

Үшінші – заманауи кезеңде Қазақстан Республикасының жаңа қоғамдық-саяси құрылысындағы жаңа өнегелік идеялар жайында, әдеби үдеріс жайында заманауи түсініктерді қамтитын жаңа оқулықтарды, оқу құралдарын, сөздіктерді және анықтамалықтарды жасау бойынша жұмыстар басым бағыт алған.

Егемен Қазақстанның халықаралық аренаға сәтті шығуына орай қазақ әдебиеті әлемдік әдебиеттің контекстінде зерттеле бастады. Бұл контекстте көркем аударма мәселесі ең өзекті

мәселелердің қатарына шығып, осылайша мамандардың осы тұста мұқият болуларын талап етеді.

Қазақстанның аударма ойында жинақталып қалған мүмкіндіктерді зерттеу барған сайын қажет болып отыр (проза: Герольд Бельгер, Ерлан Сатыбалдиев, Майра Жанұзақова, Гүлзада Мурзахметова және басқалар; поэзия: Қайрат Бақбергенов, Бақыт Қайырбеков, Бақытжан Қанапьянов, Әуезхан Қодар, Игорь Полуяхтов, Аслан Жақсыбеков және т.б.).

Бүгінгі таңда Қазақстанда аударма мектептері бар, көне баспалар көптеген аудармашыларды тәрбиелеп шықты. Осындай (*аударманың қазақ тілді мектебі*) мектеп Астана қаласындағы қазақ тілді кітаптар басып шығаратын «Аударма» баспасының маңында қалыптасуда. Соған қарамастан, елдегі аударма мектептеріне қатысты мәселе Қазақстан қоғамының барлық талаптарына сай болатын деңгейде қалыптаса қойған жоқ.

2002 жылы «Батыс философиясының антологиясы» кітабы басылып шықты // Аудармашылар Қ.Әбішев, М.Сәбит, Ә.Қодар, А.Сағитқызы (Алматы: Фонд Сорос-Казахстан, 2002, 464 бет), бұл кітапта Гераклиттің, Парменидтің, Демокриттің, Ницшенің Хайдеггердің, Ортеги-и-Гассеттің, Делезаның және Гваттаридің, Дерриданың, Адорноның еңбектерінің аудармалары келтірілген. Бұл Қазақстан егемендігін алғаннан кейінгі қазіргі батыс философиясын қазақ тіліне аударудың алғашқы қадамы болды.

Кітапқа жасалған сын пікірде батыс философиясының жетік білгірі Ж.Баймұхаметов өзінің лайықты деген бағасын береді. «Қазақстан философиясы ғылымының тағдырында айтулы оқиға болды. Қазақ тілді әдебиеті «Батыс философиясының антологиясы» бір томдық кітабының жарыққа шығуының арқасында батыс философиялық мәтіндердің академиялық аудармаларымен толықты. Марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектері қазақ тілінде басып шығарылған заманынан бері бұл Гераклиттен бастап Дерридке дейінгі батыс философтарының еңбектерін аудару бойынша Қазақстан ғылымындағы қазіргі сәттегі ең маңыздылардың қатарында десек артық айтпаспыз. Аудармашылардың ұжымына мынадай беделді ғалымдар мүше болды: Қажымұрат Әбішев, Мұрат Сәбит, Әуезхан Қодар және Аяжан Сағиқызы». Әсіресе, Әуезхан Қодардың аудармашылық қасиетін айтпай кету мүмкін емес, ол көне грек даналықтарына, сонымен қатар постклассикалық философиялық стратегиялар саласына өзінің кендігімен сондай әсерлі ену жолын жүргізді.

Қазіргі уақыттағы Қазақстандағы аудармашылық қызмет өзінің мүмкіндігін өсіруде. Осылайша, 2006 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Ә.Қодар ойшыл-постмодернизмдердің еңбектерін аударды. Олар «Әлемдік мәдениеттану ой-санасы» 10-томдық сериясына кіреді және оның 7 және 8 томын «Постмодернизм және

мәдениет» деген атпен кұрайды (Алматы, «Жазушы», 2006).

Қазақ тіліне атақты ғалым-мәдениеттанушы Б.Г.Нұржановтың француз тілінен орыс тіліне аралық аударма жасауы арқылы тәржімаланды. Бұл дерек *қазақ тіліне академиялық аудармалар жасау орыс тілінің ортада делдал болуы арқылы қызмет жасайтын Қазақстандық мектептердің бар екендігін растайды*. Жетінші том Ә.Қодардың кіріспе «Постмодернизм жөнінде бірер сөз» атты мақаласымен жабдықталған, сонымен қатар әрбір аударылып отырған философқа жеке мақала арналған, ол мақалада сол философтың шығармашылық өмірбаяны мен аударылып отырған мәтіннің терминологиялық ерекшеліктері жайлы айтылады.

7-томның мазмұнына мына аудармалар кірген: Ж.Бодрийяр «Дәлме-дәл стратегиялар», Ж.-Ф. Лиотар «Постмодерн күйі», Ж.Делез және Ф.Гваттари «Мыңдаған жазықтықтар» («Капитализм және шизофрениядан», 2-т), Ф. Ницше «Музыка рухынан туындаған трагедия», М. Хайдеггер «Философия дегеніміз не», Ж. Дериид «Грамматология туралы», К.Окакуро «Шай кітабы». 8-томға қомақты таңдаулар енген: «Ежелгі Шығыс философиясынан», «Ежелгі Греция философиясынан», Ж.Батай «Бақтың Еркін адамы», Р.Жирар «әлем жаратылғаннан бері жасырылған кұпиялар жайында», «Қысқаша мәдени сөздік» және мәдениеттануға арналған Ә. Қодардың қазақ тілді мақалалары.

Қазақстандық аудармашылар постмодерн кезеңіндегі батыс-еуропалық философтардың еңбектерін тәржімалап жасаған жұмыстары аударма теориясының дамуы мен тәжірибесіне – соның ішінде – жалпы мәдениетке үлкен үлес қосты.

Терминологияны өңдеу, соның ішінде философиялық ұғымдарды өңдеу, аса қиын аударма еңбегі. Осы жайлы **Ж.Бодрийярдың «Дәлме-дәл стратегияларын»** аударған біздің замандасымыз Әуезхан Қодардың өтілі куә бола алады (1983). Аудармашының өз жазбасында айтқанындай, шығарманың атауының өзі-ақ тәржіманың қиын болатындығын көрсетті. «Ерекше қиындықты *«жауыздық»* ұғымы тудырды. Қазақ тілінде *«жауыздық»* ұғымы объективті принципке қарағанда, субъективті нұсқауға жақындау келеді. Көріп отырғанымыздай, **аударма жұмысы тіларалық айырмашылықтарды да түсінуге көмектеседі.**

Ә. Қодар аударған басқа автор Жан-Франсуа Лиотар «Постмодерн хәлі» (1979). Көптеген ұғымдар мен сөдер қиындық туғызды, соның ішінде Аристотель алғаш қолданған *«метафизика»* сөзі, *«деформациялылық»*, *«легитимация»*.

Дерридтің ойлау әдісі – *«деконструкция»* да қиындық тудырды. Делез – Гваттари терминологиясы номадтық ойлау кейпін метафорикалық зерттеуге арналған.

Орыс тілді ақын және қазақ тілінен орыс тіліне кәсіби тәржіма

жасайтын аудармашы Бақыт Қайырбеков өзінің «Пегастың екі алып қанаты» мақаласында басқа мәселелердің арасында ұлттық-өзіндік маңызы бар мәселені қозғайды, ол дегеніміз аудармашыға ең басты «кедергі тас» болып табылатын мәселе. Ол нәтижесінде аудармашылардың өздері Пушкин немесе Абайдың көптеген туындыларын дәлме-дәл аударудың мүмкін еместігін мойындауына тура келетін бейнелі тілдің аса ұлттық ерекшеліктері жайлы айтады.

Қайырбековтың айтуы бойынша, мәселенің көзі бұл ұлы ақындардың ақындық мұрасы ғасырлар бойына енген тереңдікке тамырларымен сіңген әлемнің арнайы ұлттық қабылдауына тіреледі және халықтың тұрмыс-тіршілігі мен әдет-ғұрпына байланысты. Мұндай қабылдау көнеге кетіп, көптеген ұғымдарды архаизмге айналдырды, сондықтан да аудармашы өзі тәржімалап отырған тілдегі халықтың ескі мәдениетімен алдын ала танысуына тура келеді.

Қайырбековтың көзқарасы бойынша, С.Есениннің өлеңдерін тәржімалаушы аудармашы осы ақынның шабыттануының қайнар көзі болған А.Афанасьевтың «Табиғатқа славян халқының ақындық көзқарастары» атты кітабын оқымаған болса, онда көптеген нәрседен мақұрым қалады екен. Б.Ғ. Қайырбеков «Табиғатқа түрік халықтарының ақындық көзқарастарын» өзіне сіңірген қазақ тіліндегі мұра жиналмағандығына өкінеді, десек те қазақ фольклор зерттеушілері мұндай талпыныс әрекеттерді жасауда.

Аударма рөлі жайлы тақырыпты жалғастыра отырып, Б.Қайырбеков орыс аудармашылары жайында жазады. Қазақстанның көптеген орыс ақындары қазақ ақындарының туындыларын тәржімалаушы болып табылады (түрнұсқа тілінен болмаса да), және бұл олардың жеке шығармашылықтарына әсер етпей қоймады. Көптеген қазақ ақындар өздерінің аудармашыларын сондай ризашылықпен айтады – Валерий Антонов, Лидия Степанова, Надежда Чернова, Олег Постников, Вячеслав Кихтенко.

Өз заманында, әріптестерінің жұмыстарын қорытындылай келе, Б.Ғ. Қайырбеков олардың алғашқы өлеңдерінде Қазақстан тақырыбын бейнелеу мәселесін айтты. Орыс ақындарының шығармаларында Қазақ тақырыбы түркізмді жиі қолдану жолымен ғана «танылды». Классикалық орыс әдебиетіндегі шығармалар бойынша танылатындай әуел баста отандық символ ретінде айтса да болатындай Русьқа деген сағыныш тақырыбынан да асып түскен бұл шығармаларын басып шығару кезінде ақындардың өздері қойған міндетті талап деп түсіндіріледі. Б.Қайырбеков әділетті байқағандай, өзінің ақындық отанын жасанды ету (орыс тілінің отаны) және географиялық отанды күштеп жасау (өмір сүру орны) болып жатты.

Анық болғандай, Қазақстандық аударма қызметі көркем әдебиет тәржімаларымен, сонымен қатар ғылыми тәржімалармен, ал соңғы уақытта публистикалық әдебиетпен байланысты көптеген сұрақтардың өзектілігін арттырады.

Қазақстан аударматанымын қалыптастыру мен дамыту үшін әлемдегі жинақталған тәжірибені қайта ойлап қарастыру қажеттігі туындайды. Тарихилық санатқа көз тігіп басты назарға алу керектігі бірінші кезекте тұр, соның ішінде Б. Қайырбековтың «Пегастың екі алып қанаты» мақаласындағы контекст (жоғарыда келтірілген).

Г.Т.Хухуни, И.И.Валуйцев аударматанымның категориясы ретінде тарихилық жайында. Ресейлік ғалымдар, Ф.Ницшенің «тарихи сезімнің деңгейі жайлы» тезисін дамыту барысында осы тезистің аударма тарихына, тарихи концепцияларға – жалпы аударма теориясына маңыздылығын айтады: «Фридрих Ницшенің айтқан сөздерінде аударма ісі бойынша жұмыстарда сирек кездесетін, бірақ бізді қызықтырып отырған мына тақырыпқа тікелей қатысы бар ескертуді табуға болады: о да, бұ да дәуірге тән тарихилық сезімнің деңгейі жайлы осы дәуірде аудармалар қалай жасалуда және өткен кезеңде туындаған шығармалар қалай қабылдануға соған байланысты баға беруге болады (Қар.: Н.Storig. Das Problem des Übersetzens. Stuttgart, 1963. – S.236).

Барлық даулылығына және көптеген пайымдаулардың қарама-қайшылығына қарамастан неміс философының әрқашан өзіне, сыпайы айтқанда, бір мағыналы қатынас көрмегендігіне қарамастан, бұл афоризм шындыққа толық сай келеді деген ой түйеміз. Аударма тарихы мен аударма

тұжырымдамаларына көз жүгірту арқылы-ақ осыған жеңіл көз жеткізуге болады. Бір жағынан, XVIII-XIX ғғ еуропалық дәстүрлерді алатын болсақ, оларды құрушылардың назарының қақ ортасында әлемдік әдебиет классиктерін аударумен байланысты мәселелер болды, атап айтқанда дәл осыған байланысты жиі даулар туындап отырды. Басқа жағынан алар болсақ, салыстырмалы-тарихи тіл білімі туындаған өткен ғасырдың басында тарихилықтың тууы кезеңінде белгілі заңдылық болғандығын елемей кету мүмкін емес, аударма саласында романтизм сияқты сондай керемет құбылыс болды деп белгіленген – «көркем аударманың тарихында ұлы, ең үлкен дәуір болды».

Аударма теориясының өз алдына бөлек ғылыми пән ретінде пайда болғаннан (дәстүрлі зерттеушілердің көбісі оны XX ғасырдың ортасында «айқындалды» деп белгілейді) бастап «тарихи колоритті» сақтау мәселесі («ұлттық өзгешелікпен» қатар оларға тән еңбектер мен зерттеулерде маңызды рөл атқарып келді). Осылайша, отандық лингвистикалық аударматанымның негізін қалаушы А.В.Федоров өзінің көп басылып шығатын «Аударманың жалпы теориясының негізі» оқулығындағы бір тарауын түпнұсқаның қалыптасуынан бастап оның сипаттары және аудару мақсаттары сұрақтарына арнады. Қазіргі онжылдыққа жататын В.С.Виноградовтың еңбегі (Аударматанымға кіріспе. – М.,2001) диахронды аударма деп аталатын

аудармаға көп назар келтірген... лингвистикалық, сонымен қатар әдеби көзқараста жазылған басқа да ғылыми және ғылыми-методикалық еңбектерде де ұқсас бейне бар. Бұл мәселенің жеке аспектілерін осы жолдардың авторына да қарауына тура келді (2003).

Көрсетілген жағдайлар аударма жайында ғылым басқаратын категориялар тізімінде тарихилық, яғни негізгі мәтін «жазылған» шеңберде сол уақытша перспективаны сақтау ұғымы ойып орын алу керектігі жайында мәселе көтеруге мүмкіндік береді. Оның соңғы шешіміне еш араласпастан біз өзіміздің көзқарасымызға сай онымен байланысты белгілі сәттерді анықтауға себеп болатын кейбір ойлармен бөліскіміз келеді».

Жаңа аудармалардан. 2006 жылы қазақ ақыны және аудармашы, Падма Шри үнді премиясының лауреаты Әубәкір Нилибаев еңбек еткен «Дхаммапада» үнді кітабы басылып шықты. Оның алдында ол қазақ тіліне «Махабхарата», «Рамайна» және басқа да үнді әдебиетінің жауһарларын аударған.

Одан бір жыл алдын біздің көзқарасымыз бойынша керемет аударма Джавами'ал-хикаят ва лавами' ар-ривайат («Әңгімелер жинағы және керемет оқиғалар»). Басылым, алғы сөз, парсы тілінен аударма, тісіндірмелер, қосымшалар мен «Шығыс даналығының асыл қазынасы» көрсеткішін Тимур К.Бейсембиев дайындады.

Атақты «Абай Жолының» жаңа аудармасы мәдениет саласында айтарлықтай уақиға болды.

ӘДЕБИЕТ

- [1]. Бахтикиреева У.М., Синячкина Н.Л. Переводческая деятельность в Казахстане (страницы истории: взгляд из России): учеб. пособие. М.: Изд-во РУДН, 2011.
- [2]. Кунанбаева С.С. Концептологические основы когнитивной лингвистики в становлении полиязычной личности. Алматы, 2017. – 263 с.
- [3]. Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. Алматы, 2010. – 344 с.
- [4]. Кунанбаева С.С. Концептологические основы когнитивной лингвистики в становлении полиязычной личности. Учебное пособие/ С.С. Кунанбаева: Алматы, 2017 – 264 с.
- [5]. Кулиева Ш.А., Тавберидзе Д.В. Переводческое дело в центральноазиатском регионе: страницы истории (XVI—XIX века) // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Вопросы образования: языки и специальность. 2017. Т. 14. № 2. С. 310—318.
- [6]. Российского университета дружбы народов. Серия: Вопросы образования: языки и специальность. 2016. № 1. С. 106—112.

СТАНОВЛЕНИЕ ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ (ОБЗОР ПОСТСОВЕТСКОГО ПЕРИОДА)

Сұраншы Ж.,¹

¹магистрант,

Специальность – переводческое дело

КазУМОиМЯ им. Абылай хана

Алматы, Казахстан

E-mail: juju-kz95@mail.ru

Әділ С.,²

²магистрант,

Специальность – переводческое дело

КазУМОиМЯ им. Абылай хана

Алматы, Казахстан

E-mail: juju-kz95@mail.ru

Жусупова Р.³

³К.ф.н., кафедра перевода и межкультурной коммуникации

КазУМОиМЯ им. Абылай хана

Алматы, Казахстан

E-mail: juju-kz95@mail.ru

Аннотация. В настоящее время в области перевода широко изучено становление переводоведения, но становление именно переводоведения в Казахстане до сих пор кардинально изучено и не решено. Переводческие дела на казахстанской земле с каждым годом растут, переводчикам или будущим переводчикам необходимо знать, какие этапы происходило переводоведение в Казахстане. К примеру, революционный период переводческого дела сложился в Казахстане в период присоединения Казахстана и России. На постсоветском этапе в известных книгах и учебных средствах, посвященных переводоведческой науке, мало изучен вопрос об истории и развитии переводческого дела в Центральной и Средней Азии, т. е. в Казахстане. Создание новых независимых стран в рамках постсоветской системы вызывает необходимость в понимании и описании переводческой деятельности: ее история, современное состояние и дальнейшее развитие в новых обществах.

Ключевые слова: «исторический колорит», «конкретизация», «адекватный перевод», «интенция переводчика», «герменевтика», «переводоведение».

FORMATION OF TRANSLATION STUDIES IN KAZAKHSTAN (REVIEW OF THE POST-SOVIET PERIOD)

Suranshy Zh.,¹

¹MA student

Speciality-Translation studies

Kaz UIR and WL named after Ablai Khan

Almaty, Kazakhstan

E-mail: juju-kz95@mail.ru

Adil S.,²

²MA student

Speciality-Translation studies

Kaz UIR and WL named after Ablai Khan

Almaty, Kazakhstan

E-mail: juju-kz95@mail.ru

Zhusupova R.,³

³Ph.D., Department of Translation studies and Intercultural communication

Kaz UIR and dWL named after Ablai Khan

Almaty, Kazakhstan

E-mail: juju-kz95@mail.ru

Abstract: At present, the formation of translation studies has been widely studied in the field of translation, but the formation of translation studies in Kazakhstan has not yet been radically studied and solved. Translation business in Kazakhstan is growing every year, translators or future translators need to know what stages of translation studies took place in Kazakhstan. For example, the revolutionary period of translation was formed in Kazakhstan during the accession of Kazakhstan and Russia. At the post-Soviet stage, the issue of the history and development of translation in Central and Central Asia, i.e. in Kazakhstan, is poorly studied in well-known books and educational tools devoted to translation science. The creation of new independent countries within the post-Soviet system makes it necessary to understand and describe translation activities: their history, current state and further development in new societies.

Keywords: "historical flavor", "specification", "adequate translation", "translator intention", "hermeneutics", "translation studies"

АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ
УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАН АУДАРМАШЫЛАРЫ ҚОРЫ

**ОРТАЛЫҚ-АЗИЯ
АУДАРМА ІСІ ЖУРНАЛЫ**

**ЦЕНТРАЛЬНО-АЗИАТСКИЙ ЖУРНАЛ
ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЯ**

**CENTRAL ASIAN JOURNAL OF
TRANSLATION STUDIES**

3(2) 2019

**ҚЫРКҮЙЕК - ҚАРАША 2019 Ж.
СЕНТЯБРЬ-НОЯБРЬ 2019 Г.
SEPTEMBER-NOVEMBER 2019**

Журнал 2018 жылдың қантар айынан шыға бастаған
Издается с января 2018 года
Published since January 2018

Жылына 4 рет шығады
Выходит 4 раза в год
Published quarterly